

# Далалық оқу тәжірибесінің есебі

Орындағандар: Нұралиева А.  
Әділбек Г.

# Оқу-тәжірибесінің мақсаты:

- Тәжірибе барысында студент оқу процесінде алған білімін тереңдетіп, нығайтып бекітуі және орынды қолдана білуі қажет. Тәжірибенің мәні болашақ мамандардың құзыреттіліктерін дамытумен ғана айқындалмайды, сонымен қатар, оның оқыту, зерттеушілік, тәрбиелеушілік, дамытушылық, кіріктірушілік, кәсібибағдар берушілік қызметтерімен де анықталады.

# Оқу-тәжірибесінің міндеттері :

- - алғашқы тәжірибелік іскерліктің және таңдалған мамандық бойынша машықтың қалыптасуы;
- - таңдалған мамандыққа қызығушылықты тәрбиелеу мен теориялық білімді игеруге ұмтылу;
- - теориялық алған білімдерін тәжірибеде қолдану;
- - жұмыстар жүргізу нәтижесінде студент оқытушының жәрдемімен өзі жүргізген тәжірибенің нәтижесін талқылай білуі және одан тиісті қорытынды жасап, қойылған сұраққа айқын және түсінікті жауап ала білуі

# Оқу-тәжірибесінің нысандары:

- Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы, «Мақпал» шатқалы, Ақсу-Жабағылы мемлекеттік қорығы, Жасөрген елді мекені, 4 Жамбыл ауданының орталығы Аса ауылы, Жамбыл облысы, Меркі ауданы, «Меркі» шипажайы.

# Мақпал шатқалы



Шамамен алынған ауданы – 20 мың гектар. Әкімшілік орны – Жамбыл облысының Т.Рысқұлов ауданы. «Мақпал» шатқалы Қырғыз тау жотасының солтүстік баурайында орташа таулы өңірде 2800 м биіктікте орналасқан.




Өсімдіктерінен тау шатқалдарында бұта аралас қайың, терек, жеміс ағаштары, тау бөктерінде сұлыбас, қылқан боз, бетеге, Қорағаты өзенінің солтүстік жағалауынан бастап жусан түрлері басым, күйреуік, баялыш, жыңғыл, сексеуіл, ши, т.б. шөлге төзімді өсімдіктер өседі. Аңдардан қасқыр, түлкі, қоян, таутеке, арқар, ақбөкен мекендейді

# Ақсу – Жаббағылы қорығы



Ақсу-Жаббағылы қорығы Талас Алатауы мен Өгем тауларының солтүстік-батыс сілемдерінде орналасқан. Ақсу – Жаббағылы мемлекеттік табиғи қорығы – Қазақстан АССР Халық Комиссарлары Кеңесінің қаулысымен 1926 жылы шілденің 14-іне құрылды. Қаулыда қорық «Табиғат ескерткіші ретінде Ақсу мен Жаббағылы өзендерін, олардың барлық ағаш және тал-шілік егістерін, шөп жамылғылары мен осы қорықты мекендейтін жан-жануарлар әлемін қол тимеген табиғи қалпында сақтап қалу мақсатында» құрылғаны атап көрсетілген. Қорықтың көлемі жылдан – жылға өзгеріп, бүгінде оның алып жатқан аумағы – 131 934,3 га.



Қорықтың ең негізгі өзендері – Ақсу және Жабәғылы. Ақсу – ең ұзын өзен, 120 км-ге созылып жатыр. Мамыр айында Ақсу көгілдір түсті болса, ал жаз айында, өзен тасыған кезде, оның түсі сүтке ұқсас болады. Бұл өзеннің аты да соған байланысты қойылған. Кіші Ақсу мен Үлкен Ақсу қосылған жерде тамаша айбынды терең тік аңғарлар – құз-шатқал құралған. Жабәғылы өзені Ақсудан екі есе қысқа, тар, саз қоспаларының әсерінен өзеннің суы сары, кейбір кезде қызыл болады. Өзендер басын таудағы жылжымалы қалың мұз бен қардан алады. Қорықта 114 мұз таулары бар. Қорықтың аумағындағы көлдің саны – 27, олардың бәрі өте биікте қар ермейтін жерде орналасқан.

# Т.Рысқұлов атындағы орталық саябақ



Т. Рысқұлов саябағының 100 жылдан астам тарихы бар екен. Тіпті, дәл осы саябақ туралы 1900 жылдардың басында тіпті Үлкен Ресей энциклопедиясында да жазылыпты. Ол энциклопедияда Әулиеатадағы әскери элита өкілдері үшін бақ ашылғандығы көрсетілген көрінеді. Міне, сол бақ бүгінгі саябақтың негізі болатын. Кейін, 1948 жылы бақ орнына В.И.Ленин атындағы мәдениет және демалыс саябағы ашылып, соғыстың соңғы жылдары көркейіп, дами бастаған. Ал, 1997 жылы қалалық орталық саябаққа Тұрар Рысқұловтың есімі берілді.



# Жасөркен елді мекені

- Жасөркен - Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Қызылқайнар ауылдық округі құрамындағы ауыл. Жағасы ну тоғайлы, жайылымды Талас өзенінің жағасында жатыр. Ауылдың 1928 жылға дейін "Шолақ діңгек" аталуы - таудан аққан сулар жар бетін талдың кесілген діңгегіне ұқсатып шайғандықтан, жер бедеріне байланысты Шолақ діңгек ауылдық кеңесі болып құрылып, құрамына қазіргі Жасөркен және Қызылқайнар ауылдары кірген.



# Аса ауылының сипаттамасы



Аса – Жамбыл облысы Талас, Сарысу, Жамбыл аудандарының жерімен өтетін өзен, Таластың сол саласы. Ұзындығы 253 км, су жиналатын алабы 6670 км<sup>2</sup>. Аса Қаратаудың оңтүстік-шығыс беткейінен басталатын Теріс және Күркіреу өзендерінің қосылуынан құралады. Арнасы жоғарғы ағысында тар, тік жарлы, орта ағысында Билікөл, Ақкөл көлдері арқылы ағып өтеді. Кей жылдары Талас өзеніне құяр жерінде құмға сіңіп кетеді. Жылдық орташа су ағымы 10,4 м<sup>3</sup>/с. Желтоқсанның басында суы қатып, ақпанның аяғында мұзы ериді. Аса өзенінің қызылша плантациялары мен бау-бақша, егінді суғаруда маңызы зор.

# Меркі ауданы

- Меркі - тарихы терең, табиғаты таңғажайып өлке. Оңтүстігінде асқақтап Алатау тұрса, одан бастау алатын мың - мың бұлақ тау етегін гүл-бәйшешекке толтырып, сылдырай төмен ағады. Мың тарамданған кішігірім өзендер Меркінің солтүстігінде жатқан құмға барып сіңеді, құрдымға кетеді. Меркі, Қорағаты өзендерінің ортасында жатқан бұл мекен ықылым заманнан-ақ елдің құтты жеріне айналған. Екіншілік пен мал шаруашылығын, сауда мен кәсіпкерлікті қатар жүргізуге табиғаттың өзі жағдай жасағандықтан болар мұнда кәсіп те, сауда да, өнер де, ғылым да дамыған. Сондықтан да бұл өңірге ерте заманнан-ақ көп қызыққан, туын тігуге ұмтылған. Осы жерде берік бекініс жасап, орта ғасырдың інжу-маржанына айналған Баласағұн мен Таразға шабуыл жасаудың тиімді сәттерін күткендер де болған. Осы мақсатта Меркіден 15-20 шақырым жерде Аспарадай берік әскери қамал тұрғызылған. Меркі Ұлы Жібек жолының негізгі қақпаларының біріне айналуының басты себептерінің бірі осы болса керек.



- Далалық оқу тәжірибесі барысында біз болашақ эколог маманы ретінде құнды тәжірибе жинадық. Тәжірибе өте қызықты басталды. Тәжірибе барысында бекітілген нысандардың барлығын көріп, танысып, жақынырақ зерттедік. Біз Жамбыл облысының аумағындағы өте көрікті әрі маңызы зор табиғат кешендері мен саябақтарына сапар жасадық .